

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесімен танысу бойынша отырыс **ХАТТАМАСЫ №2**

Өткізілген уақыты: 04.09.2025ж

Қатысушылар: Мектеп әкімшілігі, мектеп ұжымы;

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін талқылау;

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Ш. Алпысбаева сөз алып, өз сөзінде ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылданғанын айта келе ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша және Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің ағымдағы жылдың 02 қыркүйектегі №2313 санды хаты негізінде жиналып отырғанын, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысын жүргізіп, нәтижесінде мектебіміздегі комплаенс қызметкер А. Рахатованың талдау жүргізу барысында және оның анықтамасын толтыру барысында жіберілген кемшіліктермен таныстырып өтті. Анықтамада «Алайда, № 175 мектеп тарапынан қағиданың талаптары сақталмай, ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану, тұлғалармен шарттар жасасу, басқа да туындайтын қызметтер қамтылмаған, білім беру ұйымдарында атқарылып жатқан жұмыстар көрсетілмеген» деп кемшіліктер көрсетілген. Мектеп басшысы алдағы уақытта талдау барысында құқықтық және ұйымдастырушылық тәуекелдер қарастырылып, мектептегі құжат айналымы мен кадрлық, қаржылық бағыттарында заң бұзушылықтар қатаң назарда болатынын ескертті.

Қаулы:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері назарға алынсын.

2. Алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында тұрақты түрде мониторинг жүргізіліп, профилактикалық шаралар ұйымдастырылсын.

3. Сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша анықтама мектеп сайтына жүктелсін.

Мектеп директоры



Ш. Алпысбаева

Ш. Алпысбаева.



«1» 09 БҰЙРЫҚ
2024 Ж.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

ПРИКАЗ
№ 81

ГОРОД ҚЫЗЫЛОРДА

Мектепте сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау туралы

Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» IV-тарауын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының сақталуы қатаң жауапкершілікке алынсын.

2. Білім алушыларды отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу;

- осы мәселе бойынша сынып жетекшілерімен жиналыс өткізілсін

- оқушылар мен сынып жетекшілерінен, оқушылардың ата-аналарынан ақша жиналуына тыйым салынсын;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары құрылсын.

4. Сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте жұмыс жасайтын барлық мұғалімдер мен қызметкерлер таныстырылып, қолдары қойдырылсын.

5. «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбымен стенд безендірілсін (жаңалансын).

6. «Сенім» жәшіктерге келіп түскен азаматтардың өтініштері, ұсынысы және арыздарын, «Сенім телефоны» бойынша түскен өтініштер мен арыздарды талдау арқылы жемқорлық көріністерді мониторингілеу жұмыстары жүргізілсін.

7. Жұмыс жоспарында көрсетілген тармақтардың сапалы орындалып, уақытылы қалалық білім бөліміне тапсыру компеанс менеджерге міндеттелсін;

8. Оқушылардың және тәрбиеленушілердің ата-аналарынан педагог қызметкер тарапынан әр турлі қажеттіліктеріне заңсыз ақша жинауға жол берілмесін;

9. Оқушылар мен тәрбиеленушілерге мектеп қабырғасында ақылы негізінде қызмет көрсетуге тыйым салынсын;

10. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында оқушылар арасынан «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы құрылып, шаралар жоспары бекітілсін;

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық оқыту жауапкершілігі және осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Жунусоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Ш.Алпысбаева



БҰЙРЫҚ №

ПРИКАЗ № 64-5

«01» 09 2024 Ж.

№ 175 негізгі орта мектебі

**Мектеп оқушыларының заңға мойынсұнушылық,
мінез-құлқын қалыптастыру және
құқық бұзушылықтың алдын алу туралы**

Қазақтан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңының 49-бабын, 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңының 12 бабын басшылыққа ала отырып,
БҰЙРАМЫН:

1. Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 2025-2026 оқу жылына арналған ҚІПБ-мен екі жақты келісілген іс-шара жоспары жасалып, бекітілсін.

2. Кәмелетке толмаған білім алушылардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне мектептің оқу және тәрбие процесінің барысымен, мазмұнымен сондай-ақ білім алушылардың тәртібі, сабақ үлгерімімен танысу мүмкіндігі қамтамасыз етілсін.

3. Сабаққа себепсіз қатыспаған және мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел бұзған оқушыларға күнделікті құқықтық түсіндірме жұмыстары жүргізілсін;

4. Оқушылар арасында Қазақстан Республикасы әкімшілік және қылмыстық заңнамаларының нормаларын түсіндіру бойынша тоқсан сайын мектеп инспекторымен бірлесе отырып, тақырыптық әңгімелер, дәрістер, кездесулер ұйымдастырылсын.

5. Оқушылардың оқудан жалтаруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында әр күні оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру және қадағалау жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.

6. Құқық бұзушылыққа бейім, мектепішілік профилактикалық кеңес есебіндегі оқушыларға сынып жетекшілер қоғамдық педагог ретінде бекітіліп, баланың отбасы және бос уақытын тиімді өткізу мақсатында профилактикалық шаралар ұйымдастырылсын.

7. Кәмелетке толмаған балаларға сол секілді олардың отбасыларына жайсыздық фактілері анықталған кезде жедел түрде профилактикалық жұмыстар атқарылсын.

8. Тәрбие үрдісінің барлық бағытында мектеп және отбасы арасындағы құқықтық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық үйлесімді қарым-қатнасты үздіксіз дамыту жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.

9. Сынып жетекшілер тарапынан оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында мектепішілік, қалалық пәндік және спорттық үйірмелерге қатысуы мақсатты ұйымдастырылсын.

10. Балаларды дұрыс тәрбиелей алмаушы, әлеуметтік қиын ахуалды қалған отбасылардың негізгі проблемалары мен оның шығу себептерін анықтау, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізілсін.

11. Мектеп оқушыларының әлеуметтік дерек базасы (паспорты) дайындалып, мемлекет қамқорлығын қажет етуші отбасыға заң аясында әлеуметтік көмек алу мақсатында құқықтық кеңестер беру, психологиялық қолдау көрсету ұйымдастырылсын.

12. Әр түрлі әлеуметтік санаттағы оқушылардың заңды мүддесін қорғау, педагогикалық тәрбиелеу, зерттеу және жеке бақылау алу мақсатында профилактикалық жұмыстары үздіксіз жүргізілсін.

13. Оқушылардың сабақ уақытында мектеп директоры мен мектеп әкімшілігінің рұқсатымен ата-анасына хабарлауынан тыс сыртқа көшеге шығуына тиым салынсын.

14. Балалардың түнгі сағат 22:00-ден кейін ата-анасыз және заңды өкілдерінің ертіп жүруінсіз тұрғын жайдан тыс жерде жүруіне, түнгі ойын-сауық мекемелерінде болуына жол бермеу, өз балаларын әрдайым назардан тыс қалдырмау, бақылау жасау аясында ата-аналарға құқықтық-түсіндірмелік жұмыстар және әр айдың соңғы аптасының жұма, сенбі күндері 21:00–24:00 уақыт аралығында мектеп инспекторы, ата-аналар комитетінің мүшелері, мектеп мұғалімдері тарапынан профилактикалық рейд жұмыстары ұйымдастырылсын.

15. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау, бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Жунусоваға міндеттелсін.

Мектеп директоры



Ш.Алпысбаева



БҰЙРЫҚ

«3» 03 2025 ж/г

ПРИКАЗ

№ 128

**Ақша жинауға және сыйлық
беруге тыйым салу туралы**

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 2024 жылғы 28 ақпандағы №2 хаттамасына сәйкес, білім беру ұйымдарында заңсыз ақша жинау фактілерінің алдын алу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. №175 негізгі орта мектебінде жөндеу жұмыстарына, іс-шаралар өткізуге және өзге де мақсаттарға оқушылардан, ата-аналардан, заңды өкілдерден, сондай-ақ мектеп қызметкерлерінен ақша жинауға қатаң тыйым салынсын.

2. Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері «Бастауыш сыныппен қоштасу», «Негізгі сыныпты бітіру», «Соңғы қоңырау», «Аттестат тапсыру» және басқа да іс-шаралар барысында ата-аналар мен оқушылардан ақша жинау фактілерін болдырмауды қамтамасыз етсін.

3. Ата-аналар тарапынан мектеп қызметкерлеріне сыйлықтар беруге және банк карталары арқылы қаржылай аударым жасауға тыйым салынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын тәрбие орынбасары Р.Жунусоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Ш.Алпысбаева



«1» 09 БҰЙРЫҚ 2024 Ж.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

ПРИКАЗ
№ 81

ГОРОД ҚЫЗЫЛОРДА

Мектепте сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау туралы

Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» IV-тарауын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының сақталуы қатаң жауапкершілікке алынсын.

2. Білім алушыларды отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу;

- осы мәселе бойынша сынып жетекшілерімен жиналыс өткізілсін

- оқушылар мен сынып жетекшілерінен, оқушылардың ата-аналарынан ақша жиналуына тыйым салынсын;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары құрылсын.

4. Сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте жұмыс жасайтын барлық мұғалімдер мен қызметкерлер таныстырылып, қолдары қойдырылсын.

5. «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбымен стенд безендірілсін (жаңалансын).

6. «Сенім» жәшіктерге келіп түскен азаматтардың өтініштері, ұсынысы және арыздарын, «Сенім телефоны» бойынша түскен өтініштер мен арыздарды талдау арқылы жемқорлық көріністерді мониторингілеу жұмыстары жүргізілсін.

7. Жұмыс жоспарында көрсетілген тармақтардың сапалы орындалып, уақытылы қалалық білім бөліміне тапсыру компеанс менеджерге міндеттелсін;

8. Оқушылардың және тәрбиеленушілердің ата-аналарынан педагог қызметкер тарапынан әр турлі қажеттіліктеріне заңсыз ақша жинауға жол берілмесін;

9. Оқушылар мен тәрбиеленушілерге мектеп қабырғасында ақылы негізінде қызмет көрсетуге тыйым салынсын;

10. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында оқушылар арасынан «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы құрылып, шаралар жоспары бекітілсін;

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық оқыту жауапкершілігі және осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Жунусоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



Ш.Алпысбаева

АНЫҚТАМА

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «№175 негізгі орта мектебі» КММ 2025 жылдың қорытындысымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

« 26 » Мамыр 2025 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 21 қарашада №14441 болып тіркелген), және мектеп директорының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2021 жылғы 01-желтоқсандағы № 64-а бұйрығының негізінде 2025 жылдың І- тоқсаны қорытындысымен талдау жасалды.

2024 жылына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар мен өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылды.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы және осы заң аясында шығарылған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мектеп қызметін реттейтін заңнаманың нормативтік құқықтық актілерді еркін түсіндіруге мүмкіндік жасайтын құқықтық олқылықтардың болуына талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде тосқауылдар қоюға әсер ететін ережелердің болуы анықталмады.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты «№175 негізгі орта мектебі» КММ-ның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау мына бағыттар негізінде жүргізілді. Атап айтқанда:

1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) мемлекеттік қызметтер көрсету;

4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;

5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

1) Персоналды басқару,оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтау;

Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басшысымен үлестес болуы, (жақын туыскандардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың) бірлескен тікелей бағыныстылықтағы жұмысы (қызметі), сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен лауазымды адамдар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген тыйымдарды бұзу бойынша талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

№175 негізгі орта мектеп бойынша жалпы педагогтер саны –29. Оның ішінде әкімшілік құрам бойынша -3, педагог қызметкерлер саны– 21, педагог-психолог-1, әлеуметтік педагог-1, тәлімгер-1, кітапханашы-1, ақысыз демалыста-1.

Педагогтердің санаты бойынша.

Педагог-шебер – 0

Педагог-зерттеуші- 8

Педагог-сарапшы- 10

Педагог-модератор- 7

Санаты жоқ педагогтер-2.

Мектеп директоры басшы-ұйымдастырушы санатынды, 2 орынбасардың III санатты лауазымдық санаттары бар.

Жоғары білімді - 26, арнаулы орта білімді – 2 (кітапханашы, тәлімгер) Педагогика ғылымының магистрі - 1.

Техникалық қызметкер -16. Оның ішінде 2 декреттік демалыста.

Кадр мәселесі бойынша 2025 жылдың I тоқсанында ешқандай жаңа қызметкер жұмысқа қабылданған жоқ.

Қазіргі таңда 2024-2025 оқу жылында мектебіміздің білім алушылар саны 71 оқушы. 1-сыныпқа қабылданды 5 оқушы, мектепалды даярлық тобына 8 білім алушылар қабылданған.

2024-2025 оқу жылында 9-сыныпты 5 оқушы бітіргелі тұр. «Үздік аттестатқа» ұсынылған 1 оқушы бар.

Білім беру ұйымының әкімшілігі мен ұжымы білім саласындағы ережелерді және нормативтік-құқықтық актілер талаптарын сақтайды. Оқу жоспары және оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жұмыс атқарып келеді. Мектеп басшысы сағат жүктемелерінің ұсақталмауын әрдайым қатаң қадағалауда ұстайды. Әр оқу жылының аяғында пед кадрлардың сағаттары әдістемелік бірлестік отырыстарында қарастырылып, бірлестік жетекшілерінің хаттамасы негізге алынып, педагог қызметкерлерінің сағаты бөлінеді.

Мемлекеттік сатып алу кезінде лауазымды адамдардың үлестес болу фактілері анықталмады. Мемлекеттік сатып алудың барлық рәсімдері «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңына сәйкес электрондық портал арқылы жүргізіледі.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V заңының 51-бабы бойынша мектебімізде мектеп

директоры және мектеп әкімшілігі, қызметкерлер тарапынан мүдделер қақтығысы орын алмаған.

3) Мемлекеттік қызметтер көрсету;

«Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі, білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау, балаларды бастауыш білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығын негізге ала отырып (2020 жылғы 7 тамыздағы №332 өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2024 жылдың 1 сәуірі мен 31 тамызы аралығында EGOV электронды порталы арқылы түскен электронды өтініштер саны -5 ата-аналардың өтініші қабылданды.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығына сәйкес қағаз түрінде 1 оқушының ата-анасынан өтініш қабылданып, білім алуға.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 69-тармағына сәйкес тегін тамақпен 35 бала қамтылып отыр. Оның ішінде 159-ерекшелік бойынша 24 бала, 163-ерекшелік бойынша 11 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

«Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» туралы «Жалпыға бірдей оқу» қорынан әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында 2024-2025 оқу жылы бойынша мектеп жанындағы тынығу лагеріне 10 оқушының ата-анасының электронды өтініші бойынша және әлеуметтік статусына сәйкес құжаттар жинақталып, жолдама берілді. Сонымен қатар сыртқы лагерге 20 баланың ата-анасының электронды өтініші бойынша және әлеуметтік статусына сәйкес құжаттар жинақталып, жолдама берілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына, «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №68 бұйрығы бойынша 2024 жылында ешқандай өтініш болған жоқ.

«Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдар арасында балалар ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес жауапты орындаушылар көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің,

стандарттар және регламенттермен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсетулердің нақты процестеріне сәйкестігіне; көзделмеген құжаттарды талап етудің болуына; қызмет көрсету мерзімдерін бұзу; мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту; құжаттарды қарастыру кезеңдерінің көптігі және қайталануы; мемлекеттік көрсетілетін қызмет (жасырын қызметтер) белгілері бар қызметтерді көрсетуі бойынша талдау жасады. Жасалған талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету саласында бұзушылықтар анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпараттық тақта мен өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы ұйымдастырылған.

Келіп түскен сұранымдар бойынша өз мерзімінде жауап беріліп, Заң аясында жұмыстар жүргізілген. «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер (ұсыныс) саны – 6, «Е өтінішке»- 5, «Es.iac.kz»-1

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

Жалынған талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету саласында бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

Әкімшілік рәсімдер туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы №107 Заңының талаптарына сәйкес зерделеу жұмыстары жүргізілді. Зерделеу барысында директордың атынан берілген цифрлық қолтаңбаларды қолдану рәсімдері заң талаптарына сай жүзеге асырылғаны анықталды. Рұқсат беру функцияларын іске асыру барысында заңнама талаптарын бұзу фактілері тіркелген жоқ. Сондай-ақ құжат айналымы, электрондық форматтағы ресми хат алмасу, цифрлық қолтаңбаны қолдану тәртібі және жауапты тұлғалардың өкілеттіктер шеңберіндегі әрекеттері қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге толық сәйкес келеді.

5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

Әкімшілік дереккөздерге бару арқылы және бармай жүзеге асырылатын профилактикалық бақылау нысанындағы мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібі, тексеру шаралары барысында жауапты тұлғалардың өз міндеттерін орындауын қадағалау, сондай-ақ әкімшілік дереккөздерге негізделген бақылау нәтижелерін рәсімдеу және ұйғарымдардың орындалуын бақылау мәселелеріне талдау жүргізілді.

6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;

№175 негізгі орта мектеп бойынша 2025 жылға жалпы қаралған бюджет 220163 мың теңге.

2025 жыл 1- тоқсаны бойынша 50631 мың теңге игерілді.

Оның ішінде;

082 бағдарлама бойынша - 50631 мың теңге,

202 бағдарлама бойынша -0 мың теңге; (кала мектептеріне арналған)

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарт жасау;

2025 жылдың қорытындысымен мектепке келіп түскен арыз шағым болған жоқ.

Сонымен қатар, әр аптаның сәрсенбі және жұма күндері қала бойынша №175 негізгі орта мектеп директорының жеке қабылдау тұрақты өткізіліп

тұрады. Бірақ директоромен бекітілген кестеден басқа аптаның кез-келген күнімен жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді.

Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89-бабының 2-тармағы бойынша, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәждеделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жокқа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Оқушыларға арналған Оқушы үні жәшігінде мектеп оқушылары өз уәждерін айта алады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу бойынша жылдың 3 айында ҚР Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы барлығы 3 қызмет көрсетіліп, сатып алу жұмыстары жүргізілген. Атап айтқанда 3 түрі тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәртібімен, соның ішінде «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыру ұсыну»-ИП «Берекемен» 12/01-2025 жылы №1 келісім шартқа отырылды, 163 ерекшелікке 1543 мың бөлінген, 3-айда -358 мың теңге, 159-ерекшелікке бөлінген 1635 мыңнан 3-айда, 740 мың теңге игерілді. Бұл, ИП «Берекемен» 12/01-2025 жылғы №2 келісім шарт арқылы жүзеге асты. Сонымен қатар 1 қызмет жылу маусымында керекті сұйық отынға бөлінген 12565,0 мың теңге қаржыны ұтып алған ИП "Ришад и К" компаниясымен 05/02-2025 жылғы №7 келісім-шартқа отырылды. 3 ай бойынша 6100 мың теңге қаржысы толығымен игерілді. Мектептегі Мемлекеттік сатып алу бойынша құрылған комиссия сараптамасына сәйкес №175 негізгі орта мектебінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмағандығы анықталды.

Мектепте мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алған жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

№ 175 негізгі орта мектебінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және мемлекеттік органдардың персоналын басқару қызметінің басты мәселелерін шешуге арналған, сонымен қатар, персоналды басқару процестерін дамыту мен жетілдіру жүйесі болып табылатын Ұлттық білім беру дерек қоры, BilimLand – платформасы, Kundelik.kz жүйесі, Bilimclass.kz қаржылық есептіліктер бойынша «salyk.kz», «stat.gov.kz», автоматтандыру электрондық құжат айналымының жүйесі және «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі орнатылған.

Мектеп кең жолақты интернетпен қамтылған, 100 м/битс жоғары жылдамдықтағы интернетпен «Fast com.» компаниясы қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар мектепте «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы аясында Транстелеком компаниясы арқылы 50 м/битс жылдамдықтағы интернет жұмыс жасайды.

Халықаралық зерттеулер өтетін кезендер үшін мектепте интернет жылдамдығын 100 мегабит/секундқа арттырып, қол жетімді жағдайлар жасалынды.

Одан бөлек, аталған деректер қорына соңғы оқу жылында «Марапат» және «Педагог портфолиосы» модулдері, контингенттердің және педагогтардың қабылдануы, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы, денсаулық жағдайы мен қолайсыз отбасыдан шыққандығы туралы, «Есептер» модулі, келісім шарттар сияқты басқа жүйелік-техникалық қызмет көрсету сапасы артып, жаңа графалармен толықтырылған.

Мектеп ғимараты бойынша 44 бейнекамера орнатылған. Оның 33-і ғимарат ішінде, сыртқы аулаға – 11 бейнекамера орнатылған. Бейнекамералардың барлығы жедел басқару орталығына қосылған. Мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша жыл сайын тиісті мекемелермен келісім-шарт жасалынып, жұмыс атқарылуда.

9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша зерделеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелді) сәйкес педагогикалық әдеп ережелерін педагогтердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сақталған.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2014 жылдың 26 желтоқсандағы №986 Жарлығын орындау және білім беру ұйымдарында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, әкімшілік кедергілерді жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында және Қызылорда қаласының білім бөлімі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі 2020 жылғы 27 шілдедегі № 01-11/4534 санды хатына сәйкес 2025 жылдың 03 наурыз күні 81- бұйрығы шығарылып, бұйрыққа сәйкес іс-шара жоспары бекітілді.

Барлық білім беру ұйымдарында ата-аналардан, оқушылардан ақша жинау фактілерін болдырмау жұмыстары күшейтілді. Мектеп ғимаратын, сыныптар мен дәліздерді, мектеп жиһаздарын жөндеуге оқушылардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен демеушілік және қайырымдылық көмек ретінде қаражатты мәжбүрлеп жинауға тыйым салынды. Бұйрық барлық

педагогтар мен мектеп қызметкерлері, оқушылар және олардың ата-аналары немесе заңды өкілдеріне таныстырылды.


Қорғаншылық, қамқоршылықтағы жетім және патронаттық тәрбиедегі кәмелетке толмаған оқушылар жоқ.

2025 жылдың қорытындысымен әдістемелік, бейінді және жалпы білім беру ісі бойынша тексеру, қадағалау жұмыстары жүргізілді. Мектебімізде бейінді жұмыстарды ұйымдастыруға арналған жұмыс жоспары жасалып, бекітілген. Жоспар бойынша нақты жұмыстар жүргізіліп хаттамалар мен анықтамалар жасалған. 9-сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмыстары жақсы жолға қойылған. Түрлі бағыттарға сауалнамалар алынып қорытындыланған.

2024 – 2025 оқу жылында мектеп бойынша барлығы 9 сынып комплектісі бар. Биылғы оқу жылын – 71 оқушымен аяқтағалы отырмыз.

2024 – 2025 оқу жылының қорытындысы бойынша үздіктер саны – 11, екпінділер саны – 32. Мектеп бойынша білім сапасы – 64,1% пайыз көрсеткіш көрсетіп отыр.

III тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасының мониторингі



№	Сынып	Оқушылар саны	Оқу озаты	Екпінділер	Үлгерушілер	Білім сапасы %	Үлгерім сапасы %	Орташа балл
1	2	7	3	1	3	57.00%	100.00%	4,14
2	3	7	1	4	2	71.00%	100.00%	4,23
3	4	6	0	5	1	83.00%	100.00%	4,39
4	5	12	0	7	5	58.00%	100.00%	4,13
5	6	12	2	5	5	58.00%	100.00%	4,14
6	7	7	2	3	2	71.00%	100.00%	4,38
7	8	11	2	3	6	45.00%	100.00%	3,99
8	9	5	1	4	0	100.00%	100.00%	4,53
	Барлығы	67	11	32	24	64.1%	100.0%	4,24

Сыныптар бойынша білім сапасының көрсеткіштері

Мектеп әкімшілігі тарапынан сабақтарға қатысып бірлестік отырыстарында талдау жасалады. Жоспарға сәйкес пәндердің берілуі директор жанындағы кеңестерде қаралады. Сонымен қатар сыныптардың білім сапасына мониторинг жасалып педагогикалық кеңесте қаралады.

10. 2024 – 2025 оқу жылында мектеп бойынша барлығы 35 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. 2024 жылдың 31 тамыз айынан бастап әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың тегін тамақпен қамтылуы қалалық білім бөліміне қарасты №175 негізгі орта мектебінің 18.01.2022жылғы №04 келісім шартына сәйкес ИП «Береке» жұмыс жасайды. 2025 жылдың 9 қаңтарынан бастап 1-4 сыныптың 35 оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастырылып, №175 негізгі орта мектебінің 09.01.2025 жылғы №2 келісім шартына сәйкес ИП «Береке » қамтамасыз етіп отыр.

11. Педагогикалық жүктеме туралы мәліметтер.

Оқу жылының басында «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына сәйкес тарификация жасалып сағаттар саны анықталып берілді.

Тамыз айындағы бекітілген тарификация бойынша сағаттар саны.

МАД	1- сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып	5- сынып	6- сынып	7- сынып	8- сынып	9- сынып	Барлық сағат саны
20	19,5	24	26	26	38,5	28,5	32,5	32,5	34	281,5

12. Оқу бағдарламаларының орындалуы.

Биылғы 2024 – 2025 оқу жылының басында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1-4 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығының 1-қосымшасымен, 5–9 сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 16-қосымшасымен тарификация жасалып бекітілді.

Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан

Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы бойынша оқу бағдарламасы жүргізіліп келеді.

13. Қабілеті жоғары және қабілеті төмен оқушылармен жұмыс

Мектепте 2024-2025 оқу жылы бойынша негізгі пән мұғалімдері қабілеті жоғары және қабілеті төмен оқушылармен жұмыс жасау жоспарлары жасалып жұмыстар жүргізіп келеді. Биылғы оқу жылында республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінен 12 оқушы жүлделі орын иеленді. Қабілеті жоғары оқушылар саны –27, қабілеті төмен оқушылар саны – 0.

14. Зорлық- зомбылықтың алдын алу шаралары

2024-2025 оқу жылында Қызылорда әкімдігінің 2024 жылғы 25 қарашадағы №10608 шығыс хатына сәйкес, Республикалық «Зорлық -зомбылыққа қарсы 16 күн» ақпараттық науқаны аясында «Отбасындағы ата -ананың және баланың рөлі» тақырыбында өткізілетін іс -шаралар жоспары болып өтті.

Желтоқсан айының басында «Отбасындағы ата- ананың және баланың рөлі» тақырыбында 1-9 сыныптарда тәрбие сағаттары болып өтті.

5-желтоқсанда мектеп психологы Күздибаева Айманның ұйымдастыруымен «Зорлық- зомбылықсыз бақытты отбасы» тренинг болып өтті.

5-желтоқсанда мектеп тәлімгері Смагулова Нүргүлдің ұйымдастыруымен «Бақытты балалық шағым» тақырыбында сурет сайсы болып өтті.

9-желтоқсанда әйелдер кеңесінің төреші Молдажанова Әлияның ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылық әлемі» тақырыбында әйелдер кеңесінің отырысы болып өтті.

Қаңтар айында «Буллингке жол жоқ!»тақырыбында сынып сағаттары болып өтті.Сынып сағатында оқушылардың әлімжеттікке,бопсалау,қорқыту фактілерін болдырмау мақсатында оқушыларменсұрақтар алмасу болып өтті.

Ақпан айында «Зорлық зомбылықсыз балалық шак»тақырыбында бастауыш сынып оқушыларының арасында сынып сағаттары болып өтті.

Наурыз айында «Мектеп Парламенті»оқушылар тобы «Адал ұрпақ»еріктілер клубының жылдық жоспарына сәйкес,»Біздің таңдауымыз заңды мемлекет»тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті.





Ақпан айында учаскелік полиция қызметкері Кенжалиев Ержан мектеп оқушыларына «Құқық бұзуға жол жоқ!» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, мағлұматтар берді.

Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы 6 бағыт бойынша жүргізілді. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Тәуелсіздік және Отаншылдық;
2. Әділдік және жауапкершілік;
3. Бірлік және Ынтымақ;
4. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
5. Заң және тәртіп;
6. Жасампаздық және жаңашылдық;

№175 негізгі орта мектебінде 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айынан бастап кәмелетке толмаған жасөспірім оқушылармен жоспарлы түрде түрлі іс-шаралар жүргізіліп келеді.

«Қамқор» мен «Балалар кітапханасы» жобасы аясында жұмыс жасалып жатыр.

Қыркүйек айы -Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы.

Қазан айы-Тәуелсіздік және Отаншылдық айы.

Қараша айы-Әділдік және жауапкершілік айы.

Желтоқсан айы- Бірлік және Ынтымақ айы.

Қаңтар айы-Заң және тәртіп айы.

Ақпан айы-Жасампаздық пен жаңашылдық айы.

Наурыз айы- Тәуелсіздік және Отаншылдық айы.

Сәуір айы-Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы.

Жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесінің есебінде тұрған балалар жоқ.

2024-2025 оқу жылында мектепішілік бақылауды қажет ететін оқушылардың есебін алу мақсатында ,бақылауды қажет ететін оқушыларды есепке алу үшін комиссия құрылды,іс-шара жоспары жасалды.Есепке алынған мектепішілік ерекше бақылауды қажет ететін оқушылармен алдын алу шаралары ,профилактикалық кеңес беру ,психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізіліп келеді.Нәтижесінде есепке алатын оқушылар анықталған жоқ.Мектеп психологі де өз жоспары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Мектепте облыстық кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына түскен оқушыларымыз жоқ.

ҚР ӘКБТК-нің 442 бабы 2 бөлігіне сәйкес ,яғни түнгі уақытта 23-00ден кейін заңды өкілінсіз тұрғын жайдан тыс жерде болған мектеп оқушылары тіркелген жоқ.

№175 негізгі орта мектебі бойынша"Балалар түнгі қалада» атты акциясы туралы мәлімет

«Балалар түнгі қалада» атты акция негізінде мектеп бойынша құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілді. Жоспар құрылды, кеңес өткізілді, кезекшілік кестесі құрылды, мұғалімдер күнделікті рейдке шығып отырды.

«Балалардың қадағалаусыз және бақылаусыз қалуын ескерту және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу туралы Қазақстан Республикасы Заңының» 8- тармағы және «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы Қазақстан Республикасы Заңының» 6- бабы 2-тармағына сәйкес жұмыстар жүргізілді. Мектепте «Түнгі рейд» атты іс -шаралар жүргізілді. «Құқық бұзуға жол жоқ» тақырыбында 8-9 класс оқушылары арасында жиналыс өткізілді.

Рейд барысында көшеде жүрген ауыл мектеп оқушылары кездеспеді.Нәтижесінде акция кезінде бірде бір оқушы ұсталмағандықтан жүргізілген жұмыстар нәтижелі болды.

Діни экстремизмнің алдын-алуға бағытталған жұмыстардың анықтамасы

"ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ" "ҰШҚЫН" дебат клубының ұйымдастыруымен «Біртұтас тәрбие» жобасы аясындағы ДЕБАТ қозғалысы мүшелерінің қатысуымен «Б.П Әлеуметтік желілердің зияны пайдасынан гөрі көбірек деп есептейді» тақырыбында пікір сайысы өткізілді.

Мақсаты: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу; ой-өрісті дамыту, жан-жақты ойлау арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сыйластыққа, достыққа және мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Сайыста "Үкімет" және "Оппозиция" тобының спикерлері өз позицияларына сәйкес ойын көрсетті.

Аталған тақырып бойынша екі топ спикерлері өз ойларын жан-жақты талқылап жеткізе білді. Сайысқа оқушылар белсене қатысып, ұтымды ойлар айта білді.

Пікір сайыста фракциялар өз дәрежесінде ойын көрсетіп мақсатына жетті.

Жетекшісі: Н. Смагулова

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/p/1757EDdWSe/?mibextid=wwXlfr>



ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН

№175 негізгі орта мектебінде бастауыш сынып оқушыларының ұйымдастыруымен

«ДОСБОЛІКЕ: ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» атты тақырыпта акция өткізілді.

Мақсаты:

Мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау.

Бастауыш сынып оқушылары достық қарым-қатынаста нығайту мақсатында достық жайлы ойларын айтып, әр түрлі жағдаяттан шығу жолдарын көрсетіп, өз өнерлерін ортаға салды.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/p/Ngxcui5j2EhjPrZk/>

ЛУДОМАНИЯ, БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ
№175 негізгі орта мектебінің 7-8 сынып оқушыларына "Буллинг және Кибербуллингтің алдын алу" тақырыбында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Жунусова мектеп психологы түсіндірме жұмыстарын жүргізді

Түсіндірме жұмысының мақсаты:

Буллинг, кибербуллинг мағынасын ашу, таныту;

Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу;

Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

Шара барысында жастар арасындағы ата-анамен қарым-қатынас, суицид және түрлі психологиялық мәселелер зорлық-зомбылық, басқа да қылмыстық істердің алдын алу жөнінде ақпараттар берілді.

Қорытындылай келе оқушыларға мектеп тәлімгері Н.Смагулова бос уақыттарын тиімді әрі қызықты өткізуге, іс-шараларға ат салысуға шақырды.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/p/Yz9iBJEXfxxT58F1/>

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ЖӘНЕ БУЛЛИНГ, КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН-АЛУ

№175 негізгі орта мектебінде "Зорлық-зомбылық, Буллинг, кибербуллингтің және лудомания" тақырыбында 8-сыныптар арасында, Қызылорда облысының облыстық жастар денсаулығы орталығының арнайы маман психологтары Бексұттанова М СӨСҚ дәрігері Алдабергенова А оқушылармен кездесу өткізді. Сонымен қатар, № 5 қалалық емхана психолог маманы Сілтаев Мақсат өз тәжірибесімен бөлісіп кеңес берді. Аталмыш шара барысында, мектеп педагог- психологы: А.Куздибаева оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тренинг өткізіп, пікір алмасты.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/bN79XJGHdSwAcT1y>

ОҚУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ

№175 негізгі орта мектебінде Қызылорда ҚІБ ЖПҚБ мамандарының қатысуымен кездесу өткізілді.

Шара барысында жастар арасындағы ата-анамен қарым-қатынас, суицид және түрлі психологиялық мәселелер мен топтық төбелес, нашакорлық, лудомания, зорлық-зомбылық, басқа да қылмыстық істердің алдын алу, кереғар діни ағымдардан сақтану жөнінде ақпараттар берілді.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/p/14XZJpG7GjFqkQgb/>

"ҮЗІЛІС ТАЙМ "

Мектебімізде білім алушылардың қоңырау уақытын тиімді өткізу мақсатында, көңілді үзіліске негізделген "Үзіліс Time" жобасы өтті. Үзіліс кезінде «Мектеп Парламенті» мүшелері оқушыларға ұлттық құндылықтарға қатысты сұрақтар қойып, дұрыс жауап берген оқушыларға ыстық бауырсақ таратты.

Мақсаты: дене дамуына, денсаулықтарын нығайтуға, оқу қабілеттілігін жоғарылатуға арналған.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/v/1EMt8m8rbf/?mibextid=wwXlfi>

Мектеп Президентін сайлау

Мектеп-лицейімізде бүгін өзін – өзі басқару ұйымының президенті мен көшбасшылардың есімін ұлықтау рәсімі өткізілді.

Жаңа Президентпен бірге өзін-өзі басқару ұйымының жаңа құрамы анықталып, салтанатты ант беру рәсімі өткізілді.

Максаты:

Оқушылар мен мектеп ұжымына мектеп президентін ресми түрде таныстыру;
оқушылардың өзара қарым-қатынасын нығайту;
мектеп оқушыларының алдындағы өз міндетін білуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
жас ұрпаққа мектептің қоғамдық жұмысына әрдайым белсенді атсалысуға баулу.

Сонымен, мектеп өмірін көркейтіп, әрі қарай жандануына өз үлесін қосатын, өзін – өзі басқару ұйымының мүшелерімен таныс болыңыздар:

Мектеп президенті – Құлтас Меруерт

Құқық және тәртіп министрлері – Мирамбек Еңлік

Мәдениет және өнер министрі – Сақтапберген Сержан

Ақпарат министрі – Қаржаубай Айсұлтан

Спорт және салауатты өмір салты министрі – Қаржаубай Әзиз

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы – Ержанқызы Камила

Экология және еңбек фракциясы – Раисбек Нұрасыл

Дебат қозғалысының министрі- Жарас Дінмұхаммед

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/p/16oUKvExao/?mibextid=wwXlfr>

ТЕАТР

Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің құралы

• Театр – халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің құралы. Сондықтан өскелең ұрпақтың арасында өнердің осы бір түрін дамыту өте маңызды. Биылғы оқу жылында, білім беру ұйымдарының тәрбие бағытындағы жұмыстарының мазмұнын толықтыру мақсатында, «Мектеп театры» жобасы қолға алынған болатын. «Мектеп театры» жобасын енгізудегі мақсат – оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.

• Аталған жоба аясында 12 қараша күні мектебімізде театр мүшелері театрландырылған сахналық қойылымдар көрсетті. «Бауырсақ» ертегісін 3-сынып оқушылары көрерменге тарту етті.

<https://www.facebook.com/share/v/1A6LP6768U/?mibextid=wwXlfr>

• 15 ақпан күні 5- сынып оқушылары «Мектеп Театры» жобасы аясында «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін сахналап, өз өнерлерін жеткізді.
• Оқушылардың театр үйірмесіне деген қызығушылығы өте жоғары. Әрбір кейіпкердің рөлдерін сомдауға барын салып, кейіпкердің образын ашуға тырысты.

- Талантты балалардың басын біріктіретін үйірменің балаларға берері көп. Жобаның мүшелері де сахнада өздерін еркін ұсатуға, кейіпкер бейнесін ашуға, шығарманың мазмұнын толық түсініп, сахналап шығуға үйірме жетекшілерінің үйретуімен машықтанып келеді.

- «Бұл жоба мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытып, жаңа таланттардың жолын ашары сөзсіз.

Сілтеме: <https://www.facebook.com/share/p/1F15hhCwqf/?mibextid=wwXlfr>

“РЕСПУБЛИКА КҮНІ”

Алты Алаштың арманы болған, арда елдің айбары болған, ең ұлық мерекенің бірі – Республика күні.

Республика күні – Тәуелсіздігімізді ұлықтайтын мереке. Бұл күн – ата - бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Мемлекеттің символын айқындайтын маңызды мерекеміз Республика күні құтты болсын!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын. Еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін.

Сілтеме <https://www.facebook.com/share/v/16sQtU6R65/?mibextid=wwXlfr>

Қорғаншылық, қамқоршылықтағы, жетім және патронаттық тәрбиедегі кәмелетке толмаған балалардың деректер базасы арқылы олардың іс-құжаттарымен салыстырмалы жұмыстары жүргізілді.

2024-2025 оқу жылы бойынша «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер тарапынан мектепке қажетті құрал-жабдықтармен, формамен және ыстық тамақпен қамтылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде жекелеген санаттар бойынша 23 оқушы қаржылай көмекпен қамтамасыз етілді.

Әлеуметтік санаттар бойынша ата-аналардың өтінішіне және әлеуметтік статусына сәйкес құжаттар жинақталып, ыстық тамақ заң аясында берілуде. Жеке кәсіпкер «БЕРЕКЕ» орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету бойынша келісім шарт жасалынды, оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

Мектеп жасындағы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 29.08.2024 ж №748н/қ бұйрығы шығарылған. Оқушылар арасында құқық бұзушылық пен топтық төбелестің алдын алу және болдырмау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленген. Жоспарға сәйкес құзырлы органдармен кездесу, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, тұрақты рейдтік шаралар өткізілген.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 наурыздағы № 61 бұйрығы Орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізге ала отырып мектепшілік 1 қыркүйек 2024 жылы №62-Б бұйрығы шығарылды. Оқушылар арасында

құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепшілік кеңес құрылған.

1. Ш.Алпысбаева- мектеп директоры.

2. Р. Жунусова- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

3. А.Күздибаева- мектеп психологы.

4. Ш.Жусупова- мектеп аяжаны

5. А.Досжанова- әлеуметтік педагог

Мектепшілік бақылауға алынған оқушылармен жұмыстар ұйымдастырылып және кеңестің іс-шара жоспары жасалып, бекітілген. Мектеп бойынша мектепшілік бақылауға алынған оқушылардың тізімін алу, нақтылау, оларды зерттеу және теріс қылықтарынан арылуға ықпал ету мақсатында мектеп психолог А.Күздибаева жоспарға сәйкес жұмыс жасауда. Сынып жетекшісі сыныбындағы мектепшілік бақылауға алынған оқушыларға зерттеу жұмысын жүргізуде. Мектепшілік бақылауға алынған оқушылардың қызығушылықтарына байланысты үйірмелер мен секцияларға, қоғамдық жұмыстарға тартылған. Мектепшілік бақылауға алынған оқушылардың ата-аналарымен профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Мектепшілік бақылауға алынған оқушыларға мектеп педагогтарынан қоғамдық негізінде тәрбиешілер тағайындалған.

Әр аптаның барлық күндерінде мектеп қызметкерлері мен ата - аналардан құралған мобильді топ мүшелері ауыл аймағына рейдке шығып тұрады.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «№175 негізгі орта мектебі» КММ-нің атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынды.

«№175 негізгі орта мектебі» КММ-нің
директоры



Алпысбаева Ш.А